

УК	Қазақ тілі 31.10.2023-02.11.2023
Міндеті	Міндеті: Балаларға жемістер мен көкөністер туралы мәлімет беру, олардың денсаулыққа пайдасы туралы айтып беру. Балалардың сөздік қорларын молайту, қазақ тіліне тән дыбыстарды айыра білуге жаттықтыру. Сөздерді сөз тіркесін айту дағдысын қалыптастыру. Ойлау есте сақтау қабілеттерін дамыту. Сөздер: шие, алма, алмұрт, банан, өрік, сәбіз
Көрнекіліктер	Тақырыпқа байланысты суреттер, себет, жемістер муляждары: алма, алмұрт, сәбіз, банан, шие
Мотивациялық-қозғаушылық	Қушамым мен де, Қунасың сен де. Қунамайық, достарым, Жарқыраған күнге!
Ұйымдастыру-шылық-іденушілік	Балалармен жемістер мен көкөністер туралы әңгіме жүргізіледі. Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен жемістер мен көкөністер түрлерімен таныса боламыз. Сендермен ойын ойнаймыз. «Тыңда, көрсет, қайтала» ойыны. Педагог күз, жапырақ, жанбырдың қима суреттерін балаларға таратып, өткен оқу қызметінде үйренген сөздерін қайталайды. Жаңа сөздермен таныстыру. «Себетте не бар?» ойыны. Педагог себеттегі жемістердің суреттерін немесе муляждарын көрсетеді, жемістерді атайды. Жемістерді балаларға таратады. Жаңа сөздерді балалармен біріктейтіндей. — Мынау – алмұрт. Мынау не? — Мынау – алмұрт. Алмұрт үлкен. Алмұрт қандай? — Алмұрт үлкен. Мынау – алма. Мынау – алма. Мынау не? Алма кішкентай. — Алма қандай? — Алма кішкентай. Бұлар – жемістер. Бұлар жемістер ме? Бұлар – жемістер. Педагогпен бірге қайталайды: жемістер – фрукт, алмұрт – груша, алма – яблоко. «Дұрысын тап» ойыны. Қима материалдармен жұмыс. Педагогтің айтқан сөздеріне сәйкес суреттерді көрсету және педагогтің тапсырмасын орындау. — Алманы ал. — Алмұртты маған алып кел. Дыбыстық жаттығу Ү-Ү-Ү – КҮЗ. І-І-І – ЖЕ-МІС-ТЕР. Ү-Ү-Ү – АЛ-МҰРТ. Серіту сәті. Күн шықты, Сәулесін шашты. Күз түсті, Алма, алмұрт пісті. Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Суретке кара. Алма мен алмұртты тап. Жалсыр. Жеке жұмыс жүргізеді. Жемістердің пайдасын түсіндіреді.
Рефлексивті түзетушілік	Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

Тексерілді : 31.10.2023 ж

Әдіскер:  А.Ж.Жумашева